

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Батысирригация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына 100 (жүз) пайыз мөлшерінде ынталандырушы үстемеақылар белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-6 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Батысирригация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына 100 (жүз) пайыз мөлшерінде ынталандырушы үстемеақылар белгіленсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

М. Мұқаев